



# МАҢҒЫСТАУ

Kaspi Bank  
арқылы жазылу

№33 (10540) 23 СӘУІР, БЕЙСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ТҰРАҚТЫ БОЛАШАҚ – ОРТАҚ КӨЗҚАРАС» ӨНІРЛІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САММИТІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

**Құрметті мемлекеттер басшылары, үкімет жетекшілері! Қадірлі қатысушылар! Ханымдар мен мырзалар!**

Сіздерді Өңірлік экологиялық саммит төрінде қарсы алу мен үшін зор мәртебе. Осы жиында Орталық Азия мен Кавказ мемлекеттерінің басшыларын көргеніме қуаныштымын.

Құрметті әріптестер, сіздерге зор алғыс айтамын. БҰҰ-мен ынтымақтастық аясында өтіп жатқан форумға сіздердің қатысуларыңыз іс-шараның мән-маңызын арттыра түседі.

Шын мәнінде, бүгін – Жер күні. Осы орайда планетамызды қорғауға жауапкершілікпен қарайтынымызды тағы да бір мәлімдеу үшін бас қосып отырмыз. Орнықты даму үшін ортақ көзқарас қалыптастыру өзекті әрі аса маңызды. Мұны өңір елдері терең түсінеді.

Қазіргі экология тек климат мәселесімен шектелмейді. Бұл – адамзат тіршілігінің түп негізі. Яғни әңгіме таза ауа мен сапалы суға, бүлінбеген топырақ пен сенімді азық-түлік жүйесіне, қоғамның тұрақтылығына және ұрпақтың келешегіне қатысты болып отыр. Жалпы ақыл-ойдың тұнықтығы, қоғамдағы үйлесім мен адами бақыт та осыған саяды.



Ал экология дегеніміз – Жер бетіндегі тіршілікке жауапкершілікпен қарайтын саналы өмір салты. Сондықтан бүгінгі саммит дер кезінде ұйымдастырылып отыр. Бауырлас елдердің көшбасшыларына – Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёевке, Қырғызстан президенті Садыр Жапаровқа,

Тәжікстан президенті Эмомали Рахмонға, Түрікменстан президенті Сердар Бердімұхамедовке, елімізге мемлекеттік сапармен келген Моңғолия президенті Ухнаагийн Хурэлсухке, бүгін туған күнін атап өтіп жатқан Армения президенті Ваагн Хачатурянға, Грузия президенті Михаил Квелашвилиге, сонымен

қатар Ресейден, Әзірбайжаннан, Беларусьтен, Сербиядан, Пәкістаннан және басқа да көптеген мемлекеттен келген жоғары мәртебелі меймандарға форумға қатысқаны үшін алғыс айтамын.

Біріккен Ұлттар Ұйымы агенттіктерінің, Қоршаған ортаны қорғау

жөніндегі конвенцияның, қаржы мекемелерінің, үкіметтік емес ұйымдардың басшылары мен өкілдерін және өзге де халықаралық серіктестерімізді, сарапшыларды, ғалымдарды, академиялық қауымды осы алаңда көргеніме қуаныштымын.

Сондай-ақ ұйымдастырушыларға, еріктілерге, техникалық және логистикалық топқа, саммиттің өтуіне аянбай атсалысқан барша азаматқа ризашылық білдіремін.

**Құрметті қатысушылар!**

Біз беталысы беймәлім аумалы-төкпелі кезеңде жүздесіп отырмыз. Мұның зардабы өңірлік және жаһандық тұрақтылыққа, миллиондаған адамның тұрмыс сапасына қаншалықты ауыр тиіп жатқанын егжей-тегжейлі айтудың қажеті жоқ. Соның салдарынан даму жолындағы күш-жігер, күрмеуі қиын экологиялық проблемаларға жұмсалып отырған тиіс ресурстар зая кетіп жатыр. Бұл ретте халықаралық қоғамдастық ерекше рөл атқарады. Сексен жыл бұрын құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымы әлі күнге баламасы жоқ, әмбебап диалог алаңы екені сөзсіз. Алайда одан бері әлем түбегейлі өзгеріске ұшырады. Жасанды интеллект бүкіл адамзат санасын жаулап, күнделікті өмірге дендеп енді.

(Жалғасы 2-бетте)

## ӨНІРДІҢ ЭКОТУРИЗМ ӘЛЕУЕТІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



**22-24 СӘУІР АРАЛЫҒЫНДА АСТАНА ҚАЛАСЫНДА ӨТІП ЖАТҚАН «ӨНІРЛІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САММИТ – 2026» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ АЯСЫНДА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ЭКОТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУЕТІН КЕҢІНЕН ТАНЫСТЫРДЫ. АУҚЫМДЫ ЖИЫН МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫМЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МАҢЫЗДЫ ДИАЛОГ АЛАҒЫНА АЙНАЛДЫ.**

Саммиттің басты мақсаты – экожүйелерді сақтау, су және жер ресурстарын ұтымды пайдалану, сондай-ақ өңірлік биоалуантүрлілікті қорғау бағытында ортақ шешімдер қабылдау. Бұл бастама Біріккен Ұлттар Ұйымы және бірқатар халықаралық ұйымдардың қолдауымен жүзеге асырылып, экологиялық қауіпсіздік мәселелерін жаһандық деңгейде талқылауға мүмкіндік беріп отыр.

Пленарлық отырысқа Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен қатар, Қырғызстан президенті Садыр Жапаров, Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёев, Тәжікстан президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан президенті Сердар Бердімұхамедов және өзге де мемлекет басшылары мен халықаралық ұйым өкілдері қатысты. Бұл – экологиялық мәселелердің аймақтық шеңберден шығып, халықаралық маңызға ие болғанын айғақтайды.

Саммит барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Каспий теңізінің экологиялық жағдайына ерекше тоқталып, халықаралық қауымдастықты бірлескен әрекетке шақырды.

– Еліміз Каспий теңізінің тағдырына алаңдайды. Теңіз айдынын қорғау – аймақта экологиялық тепе-теңдікті сақтау мен биоалуантүрлілікті қорғаудың негізгі кепілі. Осы орайда Қазақстан Каспий теңізінің тартылуына жол бермеу үшін мемлекетаралық бағдарлама қабылдау бастамасын көтеріп, Каспий теңізі ғылыми-зерттеу институтын құруға ұйытқы болды. Біз барша халықаралық әріптестерді табиғаттың осынау баға жетпес байлығын сақтауға күш біріктіруге шақырамыз, – деді Президент.

Осы маңызды басқосу аясында Маңғыстау облысының әкімдігі экотуризм бағыты бойынша арнайы көрме ұйымдастырды. Көрмеде өңірдің табиғатының қайталанбас сұлулығы көрсетілді. Атап айтқанда, Үстірт қыратының тымсым келбеті, Бозжыра шатқалының ғажайып

геологиялық пішіндері және Торыш алқабындағы ерекше тасты конкрециялар келушілердің ерекше қызығушылығын тудырды.

Сонымен қатар облыс тарапынан экотуризмді дамыту, табиғи аумақтарды қорғау және тұрақты туризм қағидаттарын енгізу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар таныстырылды. Бұл бастамалар Маңғыстаудың тек өндірістік емес, сонымен қатар табиғи-рухани туризм орталығы ретінде де дамуға бет алғанын көрсетті.

Өңірдің осындай халықаралық деңгейдегі алаңда таныстырылуы Маңғыстау облысының экологиялық бастамаларға белсенді қатысуға, сондай-ақ халықаралық әріптестік байланыстарды нығайтуға дайын екенін айқын аңғартты. Табиғатты сақтау мен оны ұтымды пайдалану бағытындағы ортақ мүдде өңірлер арасындағы жаңа ынтымақтастыққа жол ашатыны сөзсіз.

«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ



## YESSENOV UNIVERSITY КЕҢІСТІГІНЕ МӘДЕНИЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Бүгінгі таңда ЖОО тек кәсіби білім беретін мекеме ғана емес, сонымен бірге мәдени-ағартушылық, әлеуметтік-тәрбиелік және рухани орта қалыптастырушы кеңістік ретінде қарастырыла бастады. Маңғыстау – қазақ тарихындағы ең көне мәдени қабаттарды сақтаған аймақ, ал Yessenov University – соның жалғасы іспетті, өлкетану мәдениетін білім беру кеңістігімен ұштастырған, мәдени мұраны, өңір тарихын және ұлттық құндылықтарды жүйелі түрде насихаттайтын іргелі білім ошағы.

Университеттің ішкі кеңістігі, дизайн элементтері, ақпараттық стендтер тек эстетикалық мәнге ие емес. Олар – студенттердің туған жер тарихына қызығушылық тудыратын, мәдени жадыны жаңғыртатын әрі ғылыми ойлау қабілетін дамытатын тәлімдік құралдар. Университет дәліздері мен аудиториялары мәдени-ағартушылық контентпен жүйелі түрде толықтырылған. Ғылыми зерттеулер визуалды ақпараттың мәтіндік ақпараттан 60 – 70% тез қабылданатынын дәлелдейді. Әсіресе қазіргі заман талаптары Z ұрпақтарға ішкі безендіру, ақпаратты беру процесі өте маңызды. Ендеше, университет құрылымын мәдениеттанулық тұрғыдан төмендегідей категорияларға жіктеп көрейік.

**1. Өлке тарихының университет кеңістігіндегі көрінісі.** Тарихқа жүгінсек, Ұлы жібек жолының Маңғыстау арқылы өткен тармақтары, өлкенің тарихи-мәдени ескерткіштері, географиялық ерекшеліктері, археологиялық жаңалықтар мен көне қоныстары туралы деректер D блок (2-қабат) қабырғаларында бейнеленген. Мұндай ақпараттар білім алушылар үшін тарихты визуалды қабылдауға, білімді және мәдени қызығушылықтарды дамытуға көмектесіп, жобалық жұмыстар жасауға себеп болады.

**2. Ұлы тұлғалар галереясы.** Университеттің негізгі оқу корпусындағы дәліздерде өлке тарихына қатысты қысқа деректер, фотосуреттер, зерттеулер мен ұлы ойшылдардың, қоғам қайраткерлерінің қанатты сөздері жазылған.

Сонымен қатар Маңғыстаудың бес жүйрігі мен қазақтың бес арысы және т.б. шет ел тұлғаларының тұжырымдамалары заманауи дизайнмен берілген. Бұл галерея білім алушыларға рух беріп, ұлттық өзіндік сана қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Жергілікті өңірдің дамуына үлес қосқан әр сала мамандарының, ел ағаларының арнайы аудиториялары жасақталып, заманауи стильде ұсынылған. Олар: Ә.Кекілбаев, Ғ.Айдаров, С.Әбішев, О.Қосай, О.Тұрмағанбетұлы, Б.Дәрментайұлы, А.Шынабай және

т.б. Бұл тізім әлі де толығымен анық. Атаулы аудиториялар – білім алушылар үшін тек оқу орны емес, құндылықтар мен мағыналар тоғысқан символдық білім кеңістігі. Сонымен қатар атаулы аудиториядан бөлек өлкенің киелі нысандарымен аталатын Шерқала, Үстірт, Бозжыра, Маңғышлақ, кеңес залдары университет кеңістігіне аймақтық тарих пен мифологиялық нарративтерді енгізеді.

**3. Ашық алаңдардағы арт-инсталляциялар.** Университет кампусы мен ауласы білім алушыларға шабыт сыйлайтын арт-нысандармен жабдықталған. Мысалы:

**YU Technopark** – тек инновациялық инфрақұрылым ғана емес, заманауи университет мәдениетін қалыптастыратын, жаңа құндылықтар мен мағыналарды өндіретін кеңістік. Егер атаулы аудиториялар өткеннің жадын бейнелесе, технопарк – университеттің болашаққа арналған мәдени бейнесі.

**Саябақ** – мәдениеттанулық тұрғыдан табиғат, білім және әлеуметтік коммуникация тоғысқан көпқабатты мәдени кеңістік ретінде сипатталады.

**Шерқала сахнасы,** «Жығылған» кафесі – өңірлік жады мен университеттің бірегейлік тоғысқан символдық кеңістігі. Өткізілген іс-шаралар мен оқиғалар университет жадында бекітіліп, ортақ естеліктер мен дәстүрлерді қалыптастырады.

**Yessenov Stadium** – мәдениеттанулық тұрғыдан дене мәдениеті, ұжымдық эмоция мен бірлікті қалыптасатын көпфункционал мәдени кеңістік.

Университет – «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын, «Қазақ елі» патриоттық жобасын жүзеге асырушы, елдің тарихи-мәдени, ағартушылық құндылықтарын насихаттаудың ерекше үлгісі. Осындай миссиямен жұмыс жасап отырған Yessenov University – білімді, ғылымды, мәдениетті дамыту саласындағы ерекше ЖОО және тарихи-мәдени мұраны жинақтаушы, сақтаушы, насихаттаушы мәдени институт және ғылыми база. Университет қабырғаларындағы тарихи-мәдени ақпарат білім алушыларды туған жер тарихымен таныстырып қана қоймай, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттырады, ғылыми ізденістерге шабыт беріп, тұлғалық дамуына жағдай жасайды.

Университет – жансыз жасанды заттардан құралған кеңістік емес, ол тарихты баяндайтын, адамгершілік құндылықтарды қалыптастыратын, білімді толықтыратын, мәдениетімізді сипаттайтын, жетістігімізді дәріптейтін естелік орны.

**Н.Қ.АРАШОВА,**

Ш.Есенов атындағы Каспий технология және инжиниринг университетінің докторанты.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС «Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауытының құрылысы» жобасы бойынша ықтимал әсерлер туралы есеп жобасына қатысты, жаңа газ өңдеу зауытын пайдалану кезеңіне өзгерістер енгізілуіне байланысты (бұған дейін қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізілген), Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 65-бабы 1-тармағы 3-тармақшасына және 73-бабына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау: **2026 жылдың 4 маусымында сағат 11.00-де,** Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ., өнеркәсіптік аймақ мекенжайындағы «ҚазГӨЗ» ЖШС компаниясының әкімшілік ғимаратындағы 201-кабинеттің мәжіліс залында өтеді.

ZOOM платформасында онлайн қосылу сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/2537868063?pwd=7131s5SzyWaNXUmapf5CbeeXhLZWD0.1&omn=71074344082>

Конференцияның идентификаторы: 253 786 8063

Кіру коды: 953833

**Ұйымдастырушы:** «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ., өнеркәсіптік аймақ, тел.: +7 729 3464605, эл. мекенжайы: axo@kazgprz.kmg.kz

**Әзірлеуші:** «Қазақстан қолданбалы экология агенттігі» ЖШС, Алматы қ., Жібек жолы даңғылы, 157. Қоғамдық тыңдауларды өткізу мәселелері бойынша мына телефонға хабарласуға болады: +7 727 2341668, эл. мекенжайы: almaty@kape.kz.

Жоба құжаттамасымен қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің сайтында танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz>, ескертулер мен ұсыныстар беру үшін.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-ға жолдауға болады, жауапты тұлға Сабина Базарбай, эл. пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz, тел.: +7 778 1139897.

Учаскенің географиялық координаттары:		Ықтимал әсер ету аумағының географиялық координаттары:	
Шығыс бойлық	Солтүстік ендік	Шығыс бойлық	Солтүстік ендік
1 52,790956	43,364117	1 52,777346	43,368653
2 52,796414	43,364731	2 52,787465	43,379501
3 52,790839	43,372928	3 52,807697	43,370059
4 52,794556	43,374086	4 52,798209	43,355823

### ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«СП Арман» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес «Арман кен орнындағы тігінен жобалық тереңдігі 1385 метр №215 кәлбеу бағытталған пайдалану ұңғымасын салуға арналған жеке техникалық жобасына» қоршаған ортаны қорғау бөлімі және табиғатты қорғау іс-шарасының жоспары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау: **2025 жылы 29 мамыр, сағат 11.00-де,** Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шебір а.о., Шебір мәдениет үйінің ғимаратында өтеді.

**Онлайн қосылуға сілтеме:** <https://us06web.zoom.us/j/84774477862?pwd=va8HwceC9ob4GplbFKM2gl6OidVlat.1>

Конференция идентификаторы: 847 7447 7862, кіру коды: 932727

**Белгіленген қызметтің бастамашысы:** «СП Арман» ЖШС, Ақтау қ., 12-шағынаудан, 79/4, БСН: 94074000832, эл.пошта: amanjv@armanjv.kz., Сян Чжибинь тел. 7 (7292) 20-28-25.

Жобаны жасақтаушы: «КазНИГРИ» ЖШС, БСН:991240001478, эл.пошта: info@kaznigri.kz, тел: 8(7122)763090.

**Жергілікті атқарушы орган:** «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға Сабина Базарбай, эл. пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел.: 8(7292) 43-10-88.

Жобалық құжаттама топтамасымен ақпараттық жүйе: <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystaueco/activities/31827?parentId=31823&lang=ru> сайтында танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей келесі электрондық мекенжай бойынша қабылданады s.bazarbay@mangystau.gov.kz. және <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында.

Қосымша ақпаратты төмендегі электрондық мекенжай бойынша алуға болады:

zh.kalemova@kaznigri.kz, тел. 8(7122)763090-217.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

**Жобаның атауы:** «Өзен» БМАС. №12 ТБР құрылысы-20000 м³) (Маңғыстау облысы).  
**Ықпал ету аумағы:** Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ., географиялық координаттары: +43.363405° с.е.; +52.823543° ш.б.;

**Қоғамдық тыңдау ашық жиналыс нысанында өткізіледі:** 2 маусым 2026 жылы, сағат 15.00-де, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ., Сәтбаев к-сі 1, Жаңаөзен қ. әкімшілігінде өтеді.

Онлайн қосылуға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/87253254718?pwd=bMKJCMizWX44SaWPsdY Eyb4Hbb6TnO.1>

**Бастамашы:** «ҚазТрансОйл» АҚ, БСН: 970540000107, Астана қ., Тұран д-лы, 20, е-mail: anisimov@kaztransoil.kz; тел.: 8-7292-479-254.

**Әзірлеуші:** «ҚазТрансОйл» АҚ ЗӨО филиалы, БСН: 000941000473, Астана қ., М. Габуллин к-сі, 2, е-mail: A.Murtazina@kaztransoil.kz; тел.: 8-7172-79-16-63.

**Жоба материалдары веб-сайтта орналастырылған:** ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco>.

Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты осы жерден алуға болады: Ақтау қ., 8-ш/а, 38 «Б» ғимараты, «ҚазТрансОйл» АҚ ММҚБ, е-mail: anisimov@kaztransoil.kz; тел.: 8-7292-479-254.

**Ескертулер мен ұсыныстар осы жерлерден қабылданады:** ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ <https://ndbecology.gov.kz/>, «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Ақтау қ., 14-ш/а, 1-ғимарат, тел.: 8-7292-46-21-31, е-mail: mangystautabigat@gmail.com.

**10. Ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдау өткізу туралы хабарландырудың фотосуреті** <https://ndbecology.gov.kz/> веб-сайтта орналастырылған.

### «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды

Жобаның атауы	«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ-нің нысандары үшін 2026 жылға арналған жобасын түзету: Эмиссиялар нормативтерінің жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Экологиялық бақылау бағдарламасы, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары.
Қоғамдық тыңдау өткізілетін аймақ	Маңғыстау ауданы, Шетпе кенті
Қоғамдық тыңдауды өткізу күні, уақыты және орны	2026 жылдың маусым айының 2-жұлдызында сағат 11-20 Шетпе кентінің Жастар орталығы. Қоғамдық тыңдауға Microsoft Teams платформасы арқылы сілтеме бойынша қосылуға болады: <a href="https://teams.microsoft.com/join/46799521614626?p=gveq4YwMoxPMDx">https://teams.microsoft.com/join/46799521614626?p=gveq4YwMoxPMDx</a> Жиналыс идентификаторы: 467 995 216 146 26 Күпия код: Ms75Ph9n
Көзделіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері	«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 6-ш/а, №1 ғимарат, БСН: 990140000483, е-mail: mmg@mmg.kz, info@mmg.kz. ҚОЖПГК жетекші инженері Самал Кожаева, байланыс тел: 8/7292/215568 s.kozhaeva@mmg.kz
Құжаттаманы әзірлеушінің атауы мен байланыс деректері	«ДИК Ойл» ЖШС Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Санқыбай даңғылы, 74 «В» үй. БСН: 050240011714, тел: +7 (713) 295-9400 е-mail: dik-oil@mail.ru директоры: Баудияров А.Б.
Жоба бойынша құжаттама орналастырылған интернет-ресурсының мекенжайы	<a href="https://ndbecology.gov.kz/">https://ndbecology.gov.kz/</a> <a href="https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru">https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru</a>
Ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын интернет-ресурстарының немесе электрондық поштасының мекенжайы	<a href="https://ndbecology.gov.kz">https://ndbecology.gov.kz</a> немесе <a href="mailto:mangystautabigat@gmail.com">mangystautabigat@gmail.com</a>
Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері	Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы. Жобаларды экологиялық сараптау бөлімінің бас маманы – Сабина Базарбай Тел: 8/7292/ / 46-21-31/1066

Бұл бос орын сіздің ЖАРНАМАҢЫЗҒА АРНАЛҒАН ТЕЛЕФОН: 20-48-42

